

2024-2028 жылдарға арналған Бұқар жырау ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару бойынша бағдарламасын бекіту туралы

Қарағанды облысы Бұқар жырау аудандық мәслихатының 2024 жылғы 27 қыркүйектегі № 8 шешімі

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 1-тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңына сәйкес Бұқар жырау аудандық мәслихаты ШЕШІМ ҚАБЫЛДАДЫ:

1. 2024-2028 жылдарға арналған Бұқар жырау ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару бойынша бағдарламасы осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін он күнтізбелік күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Мәслихат төрағасы

А. Әли

Ботақара к. 2024

Мазмұны

Кіріспе 4

Аймақтың негізгі сипаттамалары 4

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б. 6

1. Бұқар жырау ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін талдау 7

1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау. 7

Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.) 7

ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер 9

Қайталама шикізатты қабылдаумен айналысатын ұйымдар туралы мәліметтер 13

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы 13

1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау 14

1.3 Коммуналдық қалдықтарды қалыптастыру және жинақтау жөніндегі нормативтік базасы 14

1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау 14

1.5 Бұқар жырау ауданындағы қалдықтарды басқару жүйесінің оң жақтары 14

1.6 Бұқар жырау ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкессіздіктер мен анықталған проблемалар 15

2. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер 17

2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері 17

2.2 Бағдарламаның нысаналы көрсеткіштері 19

3. Қойылған мақсаттар мен міндеттерге қол жеткізудің негізгі бағыттары, жолдары 21

4. Қажетті ресурстар 27

5. Бағдарламаны іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 28

Кестелер тізімі

1-кесте. Ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінісі 4

2-кесте. Бұқар жырау ауданы халқының 2019-2023 жылдар кезеңіндегі орташа жылдық саны 5

3-кесте. Бұқар жырау ауданы бойынша 2018 жылдан 2023 жылға дейін жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі. 7

4-кесте. Қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін халық 8

5-кесте. Елді мекендер бөлінісіндегі контейнерлер саны, ҚТҚ тасымалдау ұйымдары, ҚТҚ шығару тарифі және шығару кестесі бойынша деректер 8

6-кесте. Бұқар жырау ауданы бойынша жиналған және тасымалданған қалдықтардың түрлері бойынша жалпы көлемі 9

7-кесте. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер 10

8-кесте. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер 13

9-кесте. ҚТҚ морфологиялық құрамы 13

10-кесте. Бұқар жырау ауданының коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының нысаналы көрсеткіштері 19

11-кесте. Бұқар жырау ауданы үшін коммуналдық қалдықтарды басқарудың 2024-2028 жылдарға арналған бағдарламасын іске асыру жөніндегі іс-шаралар жоспары 28

Диаграммалар тізімі

Диаграмма 1 - Бұқар жырау ауданының халық санының қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін тұрғындар санының арақатынасы 8

Диаграмма 2 - Бұқар жырау ауданы бойынша жиналған және тасымалданған қалдықтардың түрлері бойынша арақатынасы 9

Диаграмма 3 - Қайта өңделген және орналастырылған қалдықтардың көлемі, тонна 2018-2022 жылдары 13

Кіріспе

2024-2028 жылдарға арналған Бұқар жырау ауданының коммуналдық қалдықтарын басқару жөніндегі бағдарламасы (одан әрі -Бағдарлама) "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу жөніндегі жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 маусымда №154 бұйрығы негізінде әзірленді.

Бағдарламада Бұқар жырау ауданында пайда болатын коммуналдық қалдықтардың сипаттамасы, оның ішінде коммуналдық қалдықтарды өңдеу бойынша қолданыстағы инфрақұрылымның көлемі мен құрамы, түзілу жылдамдығы, жіктелуі, жинақтау, жинау, тасымалдау, сұрыптау, залалсыздандыру, қалпына келтіру және жою тәсілдері туралы мәліметтер ұсынылады.

Аймақтың негізгі сипаттамалары

Бұқар жырау ауданы - Қарағанды облысы.

Аудан орталығы – Ботақара кенті, облыс орталығынан солтүстік-шығысқа қарай 50 шақырым жерде орналасқан.

Аумағы - 14576 шк2.

1938 жылы Ворошилов ауданы ретінде құрылды. 1961 жылы Ульяновский ауданы болып өзгертілді (Колхозное аудан орталығы Ульяновск қтк болып өзгертілді). 1997 жылы аудан Тельман ауданымен біріктіріліп, қазақ ақыны Бұқар жыраудың құрметіне Бұқар жырау ауданы болып өзгертілді (аудан орталығының атауы Ботақара болып өзгертілді).

Аудан аумағында "Қазақмыс" корпорациясының Қушоқы көмір бөлімі, "Кузнецкий" және "Сэт" көмір разрездері, облыстағы ең ірі "Ақнар ҚФ" құс фабрикаларының бірі орналасқан.

Ертіс — Қарағанды каналы мен Нұра өзені бойындағы жерлер суарылады.

Қарағанды — Қарқаралы — Аягөз, Қарағанды — Павлодар автомобиль жолы өтеді.

Бұқар жырау ауданының әкімшілік бөлінісі 1-кестеде көрсетілген.

1-кесте. Ауданның әкімшілік-аумақтық бөлінісі

Ауылдық округ/қала	Елді мекендер
Ботақара кенті	Ботақара кенті, Ботақара станциясы
Доскей ауылдық округі	Доскөй ауылы, Трудовое ауылы
Акөре ауылы	Акөре ауылы
Ақтөбе ауылдық округі	Ақтөбе ауылы, Ынтымақ ауылы
Үміткер ауылдық округі	Төрткөл ауылы, Үлгі ауылы, Үміткер ауылы
Қызылқайың ауылдық округі	Қызылқайың ауылы (Березняки), Саратовка ауылы, Тасауыл ауылы

Ботақара ауылы	Ботақара ауылы
Бұқар жырау ауылы	Бұқар жырау ауылы, Семізбұғы ауылы, Шалқар ауылы
Гагарин ауылдық округі	Гагаринское ауылы, Садовое ауылы
Керней ауылдық округі	Ақжар ауылы, Алғабас ауылы, Керней ауылы (Корнеевка)
Жаңаталап ауылы	Жаңаталап ауылы
Көкпекті ауылдық округі	Байқадам ауылы, Көкпекті ауылы, Сарытөбе ауылы
Тоғызқұдық ауылдық округі	Тасшоқы ауылы, Тоғызқұдық ауылы
Қаражар ауылдық округі	Асыл ауылы, Геологиялық ауылы, Қаражар ауылы
Қаракұдық ауылы	Қаракұдық ауылы
Қушоқы кенті	Қушоқы кенті
Самарқанд ауылдық округі	Самарқанд ауылы, Тегісжол ауылы, Чкалово ауылы
Новоузенка ауылдық округі	Новоузенка ауылы, Севан ауылы, Стан ауылы
Петровка ауылдық округі	Жаңақала ауылы, Жастілек ауылы, Петровка ауылы
Баймырза ауылдық округі	Астаховка ауылы, Баймырза ауылы
Шешенқара ауылдық округі	Ашысу ауылы, Шешенқара ауылы
Ақбел ауылдық округі	Ақбел ауылы, Алабас ауылы, Құрама ауылы
Ростовка ауылдық округі	Красная Нива ауылы, Қызылжар ауылы, Ростовка ауылы
Центральный ауылдық округ	Урожайное ауылы, Центральное ауылы
Суықсу ауылы	Суықсу ауылы
Ғабиден Мұстафин кенті	Ғабиден Мұстафин кенті
Тұзды ауылдық округі	Первое Мая ауылы, Старая Тузда ауылы, Тұзды ауылы
Үштөбе ауылдық округі	Сарыарқа ауылы, Құрылыс ауылы, Соқыр ауылы, Үштөбе ауылы, Новостройка ауылы
Белағаш ауылдық округі	Аюлы ауылы, Белағаш ауылы

Халық санының динамикасы Ұлттық статистика бюросының мәліметтері бойынша қабылданды. 2023 жылдың қыркүйегінде Бұқар жырау ауданының халық саны 53 123 адамды құрады. Оның ішінде ауыл халқы - 53 123 адам.

Бұқар жырау ауданындағы 2019-2023 жылдар аралығындағы халықтың орташа жылдық саны 2-кестеде келтірілген.

2-кесте. Бұқар жырау ауданы халқының 2019-2023 жылдар кезеңіндегі орташа жылдық саны

Бұқар жырау ауданындағы халық саны	2019	2020	2021	2022	2023
Бүкіл халық					
Барлығы, оның ішінде:	57 067	56 666	56 184	53 830	53 123
Қалалық	-	-	-	-	-
Ауылдық	57 067	56 666	56 184	53 830	53 123

Бағдарламаны әзірлеу қатты тұрмыстық қалдықтарды жинау, тасымалдау, кәдеге жарату, қайта өңдеу және көму жөніндегі қызметтер кешенінің тиімділігін, сенімділігін, экологиялық және әлеуметтік қолайлылығын арттыру, ҚТҚ қайта өңдеу үлесін ұлғайту, сондай-ақ қалдықтарды қауіпсіз көмуді қамтамасыз ету үшін қажет.

Бағдарлама "Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі бағдарламаны әзірлеу бойынша жергілікті атқарушы органдарға әдістемелік ұсынымдарды бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Экология және табиғи ресурстар министрінің 2023 жылғы 18 мамырдағы № 154-Ө бұйрығына сәйкес жоспарлы кезеңге кемінде 5 жыл мерзімге әзірленеді.

Бағдарлама келесі нормативтік құжаттар негізінде әзірленді:

- Қазақстан Республикасының Экологиялық кодексі – 2021 жылы 2 қаңтарда № 400-VI;

- Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м. а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 бұйрығы;

- Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы - Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м. а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 бұйрығы;

- "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м. а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығы;

- Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын басқа да нормативтік құжаттар.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс-шаралар құрылған ұлттық стратегиялық, бағдарламалық құжаттар, аумақты дамыту жоспарлары және т.б.

Коммуналдық қалдықтарды басқару жөніндегі іс шаралар мынадай ұлттық стратегиялар мен даму жоспарларында қаралады:

"Көміртекті бейтараптыққа қол жеткізу стратегиясы" - Қазақстан Республикасы Президентінің 2023 жылғы 2 ақпандағы жарлығы.

Қалдықтарды басқару бөлімі:

3.3.1.4-бөлімі Қалдықтарды басқару

- 1) қалдықтардың түзілу көлемін қысқарту;
- 2) ҚТҚ жинау және сұрыптаумен толық қамтуды жеделдетіп енгізу;
- 3) қайта өңделетін және қордалатын қалдықтардың үлесін ұлғайту.

"Жасыл Қазақстан" ұлттық жобасы - Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2021 жылғы 12 қазандағы қаулысы.

1. Бұқар жырау ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін талдау

1.1 Өңірдегі коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жай-күйін бағалау. Коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы инфрақұрылымның жай-күйі бойынша жалпы мәліметтер (бөлек жинау, қалдықтарды тасымалдау жөніндегі мамандандырылған техника, сұрыптау, қайта өңдеу жөніндегі қуаттар, ҚТҚ полигондары және т. б.)

Халықаралық тәжірибеде ҚТҚ жалпы құрамына кіретін, бірақ қайта өңдеу немесе көму тәсілімен ерекшеленетін үш "қалдықтар ағынына" сәйкес келетін үш бөлікке жіктеледі.

1. Коммуналдық қалдықтар.

2. Қауіпті ҚТҚ - адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын тұтыну қалдықтары, сондай-ақ құрамы мен қасиеттері бойынша қауіпті қалдықтарға жатқызылуы мүмкін түзілу сипаты ұқсас өндіріс қалдықтары. Оларға келесі қалдықтар жатады:

- пайдаланылған батареялар мен аккумуляторлар;
- пайдаланылған электр және электрондық жабдық;
- құрамында сынап бар қалдықтар (люминесцентті шамдар мен термометрлер);
- медициналық және ветеринариялық қалдықтар;
- тұрмыстық химия қалдықтары;
- құрамында асбест бар қалдықтар;
- адам өмірінің нәтижесінде пайда болатын басқа да қауіпті қалдықтар.

3. Басқа ҚТҚ - қауіпті емес және сонымен бірге аралас қалдықтарға жатқызуға болмайтын қалдықтар, өйткені оларды жинау, шығару және кәдеге жарату үшін бірінші ағынға қарағанда басқа тәсілдерді қолдану қажет. "Басқа ҚТҚ" келесі қалдықтарды қамтиды:

- құрылыс қалдықтары;
- ірі көлемді қалдықтар;
- кәдеге жаратуға жататын автомобильдер;
- пайдаланылған автомобиль шиналары;
- ағынды суларды қайта өңдеуден шыққан қалдықтар.

Бұқар жырау ауданындағы коммуналдық қалдықтарды басқарудың ағымдағы жағдайы туралы мәліметтер Ұлттық статистика бюросының сайтынан <https://stat.gov.kz/ru> және ақпараттық талдау жүйесінен <https://taldau.stat.gov.kz/ru>, сондай-ақ жергілікті атқарушы органдар мен қоршаған ортаны қорғау саласындағы уәкілетті органның аумақтық бөлімшесі (Қарағанды облысының экология департаменті) ұсынған деректерден алынды.

Бұқар жырау ауданында коммуналдық қалдықтарды қоғамдық жинау және әкетумен айналысатын кәсіпорындар мен ұйымдардың саны 2022 жылы - 2 бірлік.

2018-2022 жылдар кезеңінде Бұқар жырау ауданы бойынша жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі 3-кестеде келтірілген. Көлемі полигондарға қалдықтарды өз бетінше шығаруды жүзеге асыратын кәсіпорындардың қалдықтарын ескере отырып ұсынылған.

3-кесте. Бұқар жырау ауданы бойынша 2018 жылдан 2023 жылға дейін жиналған және тасымалданған коммуналдық қалдықтардың көлемі.


Бұқар жырау ауданы	2018	2019	2020	2021	2022	2023
Тонна						
Жиналған коммуналдық қалдықтар	16 150	26 158	29 170	31 049	56 991	7 950
Тасымалданған коммуналдық қалдықтар	16 150	26 158	29 170	31 049	56 991	7 950

4-кесте. Қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін халық

Параметр	2018	2019	2020	2021
Бұқар жырау ауданының халық саны	57 232	57 067	56 666	56 184
Қоқыс шығаратын ұйым үнемі қызмет көрсететін халық	30 907	31 207	32 382	4 666
% қамту	54	55	57	8

* 2022 жылдан бастап статистика бюросында қоқыс шығаратын ұйымдар тұрақты қызмет көрсететін халық бойынша мәліметтер жоқ.

Диаграмма 1 - Бұқар жырау ауданының халық санының қоқыс шығаратын компаниялар қызмет көрсететін тұрғындар санының арақатынасы



2022 жылы Бұқар жырау ауданында ҚТҚ жинауға арналған контейнерлер саны 889 дананы құрады. Ауданда 2023 жылғы жағдай бойынша құрамында сынап бар қалдықтарға арналған контейнерлер жоқ.

5-кесте. Елді мекендер бөлінісіндегі контейнерлер саны, ҚТҚ тасымалдау ұйымдары, ҚТҚ шығару тарифі және шығару кестесі бойынша деректер

Елді мекен атауы	Контейнерлер саны	Қ Т Қ тасымалдаумен айналысатын ұйым	ҚТҚ тасымалдау үшін тариф мөлшері, КТУ/жеке сектор, тг	Шығару кестесі
Ботақара	132	ЖК "Айым"	205/1600	Аптасына 1 рет
Ғ.Мұстафин атындағы кент	98	ЖК "Никишин"	350/1600	Өтінімдердің түсуіне қарай
Қушоқы	64	ЖК "Туран"	353/-	Күн сайын айына 15 рет
Үштөбе	275	"ГорКомТранс" ЖШС	640/1942	Айына 1 рет
Новоузенка	70	-	-	-
Тұзды	75	-	-	-
Доскей	30	-	-	-

Бұқар жырау ауданында ҚТҚ алаңдарында қалдықтарды бөлек жинау жүргізілмейді. Мұстафин ауылында қалдықтар тікелей ҚТҚ полигонында қолмен сұрыпталады. Қосымша, Ботақара ауылында қайталама шикізатты қабылдау пункті жұмыс істейді.

Бұқар жырау ауданында 2022 жылы бөлек жиналған қалдықтардың саны мен түрлері 6-кестеде келтірілген.

6-кесте. Бұқар жырау ауданы бойынша жиналған және тасымалданған қалдықтардың түрлері бойынша жалпы көлемі

р/к №	Компоненттің (фракцияның) атауы	2022, тонна
1	Жиналған коммуналдық қалдықтардың жалпы көлемі, оның ішінде:	56 991
1.1	Тамақ қалдықтары	-
1.2	Макулатура, картон, қағаз қалдықтары	23
1.3	Қираған әйнек	34
1.4	Пластмасса, пластик қалдықтары және т. б.	65
1.5	Электрондық және электр жабдықтары	-
1.6	металдар	7
1.7	Шиналар	-
1.8	Киім, тоқыма	-
1.9	көшелерді тазалау қалдықтары	-
1.10	Нарық қалдықтары	74
1.11	Басқа аралас қалдықтар	2 812
2	Үй шаруашылықтарының жиналған қалдықтарының көлемі	305

Диаграмма 2 - Бұқар жырау ауданы бойынша жиналған және тасымалданған қалдықтардың түрлері бойынша арақатынасы



ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер

Бұқар жырау ауданында 17 заңдастырылған ҚТҚ полигоны жұмыс істейді, оның ішінде Ботақара к. ҚТҚ полигоны уақытша жұмысын тоқтатты. Ростов ауылдық

округінің, Қушоқы кентінің және Ғабиден Мұстафин кентінің ҚТҚ полигондары ЖК " Закиров" БСН 630105350751 сенімгерлік басқаруында. ҚТҚ полигоны "Ізашар" ЖШС жеке меншігінде БСН 140540025784. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер 7-кестеде келтірілген.

7-кесте. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер

№	Кәсіпорынның атауы (өндірістік алаң)	Пошта мекенжайы (орналасқан жері)	Берілген рұқсаттың нөмірі мен күні	Рұқсаттың қолданылу мерзімі басы-соңы
1.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ростов ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ростов а.о., Ростовка а., Советская көшесі, № 12А үй (Бұқар жырау ауданы, Ростов а.о., Ростовка а.)	KZ55VCZ00320665 29.05.2019 ж. шығарындылар мен қалдықтар	29.05.2019- 31.12.2028
2.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қушоқы кенті әкімінің аппараты" ММ	100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Қушоқы кенті, Ысқақов Ескендір көшесі, № 5 үй (Бұқар жырау ауданы, Қушоқы кенті)	KZ61VCZ00320654 29.05.2019 ж. шығарындылар мен қалдықтар	29.05.2019- 31.12.2028
3.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ғабиден Мұстафин кенті әкімінің аппараты" ММ	100000, Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ғабиден Мұстафин кенті, Корниенко көшесі, № 17 үй (Бұқар жырау ауданы, Ғабиден Мұстафин к., Ғабиден Мұстафин кенті)	KZ75VCZ00338444 10.06.2019 ж. шығарындылар мен қалдықтар	10.06.2019- 31.12.2028
4.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ақбел ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ақбел а.о., Юбилейная көшесі, № 9А үй (Бұқар жырау ауданы, Ақбел а.о., Ақбел а.)	KZ38VCZ00417971 01.08.2019 ж. шығарындылар KZ59VCZ00417981 01.08.2019 ж. Қалдықтар	01.08.2019- 31.12.2028 01.08.2019- 31.12.2028
	"Қарағанды облысы Бұқар жырау	Бұқар жырау ауданы, Корнеев а.о., Керней а., Алаш	KZ08VCZ00431606 14.08.2019 ж.	14.08.2019- 31.12.2028

5.	ауданы Керней ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	көшесі, № 33 үй (Бұқар жырау ауданы, Керней а.о., Керней а.)	шығарындылар KZ54VCZ00439702 28.08.2019 ж. Қалдықтар	28.08.2019-31.12.2028
6.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ақтөбе ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Бұқар жырау ауданы, Ақтөбе а.о., Ақтөбе а., АТАУЫ ЖОҚ типсіз, нөмірі жоқ үй (Бұқар жырау ауданы, Ақтөбе а.о., Ақтөбе а.)	KZ38RCP00081518 17.09.2019 ж. шығарындылар KZ11RCP00081519 17.09.2019 ж. Қалдықтар	19.08.2019-31.12.2028 12.09.2019-31.12.2028
7.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Белағаш ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Белағаш а. о., Белағаш а., Школьная көшесі, № 9 үй (Бұқар жырау ауданы, Белағаш а. о., Белағаш а.)	KZ51VCZ00492427 31.10.2019 ж. шығарындылар KZ13VCZ00492432 31.10.2019 ж. Қалдықтар	31.10.2019-31.12.2028 31.10.2019-31.12.2028
8.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Шешенқара ауылдық округі әкімінің аппараты" ММ	Қазақстан Республикасы, Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Шешенқара а. о., Шешенқара а., Пискунов көшесі, № 59 үй (Бұқар жырау ауданы, Шешенқара а.о., Шешенқара а.)	KZ22VCZ00527869 шығарындылар 12.12.2019 ж. KZ92VCZ00527870 Қалдықтар 12.12.2019 ж.	12.12.2019-31.12.2028 12.12.2019-31.12.2028
9.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Петровка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Петровка а.о., Петровка а., Школьная көшесі, № 14Б үй (Бұқар жырау ауданы, Петровка а. о., Петровка а.)	KZ30VCZ00541208 30.12.2019 ж. шығарындылар KZ70VCZ00541264 30.12.2019 ж. Қалдықтар	30.12.2019-31.12.2028 30.12.2019-31.12.2028
10.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Новоузенка ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Тбилисская көшесі, № 28 үй (Бұқар жырау ауданы, Новоузенка а. о., Новоузенка а.)	KZ84VCZ00540624 27.12.2019 ж. шығарындылар KZ30VCZ00540626 27.12.2019 ж. Қалдықтар	01.01.2020-31.12.2029 01.01.2020-31.12.2029
11.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Қаражар ауылдық округі	Қарағанды облысы, Қаражар ауылы, Достық көшесі 41.(Бұқар жырау	KZ83VCZ00545686 20.01.2020 ж. шығарындылар KZ72VCZ00545690	20.01.2020-31.12.2029

	әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	ауданы, Қаражар а. о., Қаражар а.)	20.01.2020 ж. Қалдықтар	20.01.2020-31.12.2029
12.	Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Ақтөбе (Ынтымақ) ауылдық округі әкімінің аппараты мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Ақтөбе а. о., Алаш көшесі, № 20 үй (Бұқар жырау ауданы, Ақтөбе а.о., Ынтымақ а.)	KZ09VCZ01240471 26.07.2021 ж. шығарындылар KZ52VCZ01239794 26.07.2021 ж. Қалдықтар	26.07.2021-31.12.2030 26.07.2021-31.12.2030
13.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Центральное ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Центральное а.о., Центральное а., Советская көшесі, № 10 ғимарат (Бұқар жырау ауданы, Центральное а.о., Центральное а.)	KZ94VCZ01240493 26.07.2021 ж. шығарындылар KZ50VCZ01240606 26.07.2021 ж. Қалдықтар	26.07.2021-31.12.2030 26.07.2021-31.12.2030
14.	"Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Тоғызқұдық ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Тоғызқұдық а.о., Тоғызқұдық а., Орталық көшесі, № 12 үй	KZ13VCZ03384293	01.01.2024-31.12.2033
15.	Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы Тұзды ауылдық округі әкімінің аппараты" мемлекеттік мекемесі	Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы, Тұзды а.о., Тұзды а., Мичурин көшесі, № 7 үй	KZ66VCZ03397986	01.01.2024-31.12.2033
16.	"Ізашар" ЖШС	Қарағанды облысы, Қарағанды қ.а., аудан.Қазыбек би Таугүл шағын ауданы 3-көше, № 10А, 9 үй (ҚТҚ полигоны Доскей ауылында орналасқан)	KZ22VCZ00802864 25.02.2021 г Шығарындылар KZ23VCZ00802846 25.02.2021 г Қалдықтар	25.02.2021 - 31.12.2030
17.	Ботақара к. ҚТҚ полигоны	қызметін уақытша тоқтатты		


Полигондарда қалдықтарды орналастыру бойынша жалпы сипаттамалар 8-кестеде келтірілген.

8-кесте. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондары туралы мәліметтер

р/к №	Параметр	2018	2019	2020	2021	2022
-------	----------	------	------	------	------	------

1	Полигон алаңы қалдықтарды көму орындары), км 2	0,64	0,64	0,64	0,64	0,64
2	Кәдеге жаратылған және сақталған қалдықтардың көлемі, тонна	46 427	44 949	41 650	32 119	53 485

Диаграмма 3 - Кәдеге жаратылған және сақталған қалдықтардың көлемі, тонна 2018-2022 жылдар



Қайталама шикізатты қабылдаумен айналысатын ұйымдар туралы мәліметтер

Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданында "Жасыл Даму" АҚ мәліметтері бойынша қайталама шикізатты қабылдаудың 2 пункті жұмыс істейді.

1. "Гордорсервис-Т" ЖШС

БСН: 020740000068.

Қалдықтардың қабылданған түрі: қағаз, пластик және шыны.

Қабылдау пунктiнiң орналасқан мекенжайы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы Самарқанд ауылы есептік тоқсан 009, 7.

2. "МЕГАПОЛИС СТРОЙ KZ" ЖШС

БСН: 190540028282.

Қалдықтардың қабылданған түрі: қағаз, пластик, шыны, тетрапак, металл.

Қабылдау пунктiнiң мекенжайы: Қарағанды облысы, Бұқар жырау ауданы Ботақара, Әуезов, 0, 10.

Коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы

Қала тұрғындары үшін коммуналдық қалдықтардың морфологиялық құрамы 9-кестеде келтірілген.

9-кесте. ҚТҚ морфологиялық құрамы

р/к №	Фракция атауы	жалпы көлемдегі мөлшердің %
1	Тамақ қалдықтары	34
2	Әр түрлі құрамдағы пластик	27
3	Қағаз, картон және қағаз өнімдері	23
4	Шыны	8
5	Металл	3
6	Тоқыма	3
7	Ағаш және өсімдік қалдықтары	1,9
8	Басқа қалдықтар (медициналық, батареялар мен шамдар, тұрмыстық техниканың қалдықтары және т. б.)	0,1

1.2 Соңғы 3 жылдағы динамикадағы коммуналдық қалдықтарды басқаруды талдау

Соңғы 3 жылда Бұқар жырау ауданының 1 тұрғыны түзетін қалдықтардың саны:

2020 ж – тәулігіне 1,41 кг;

2021 ж – тәулігіне 1,51 кг;

2022 ж-тәулігіне 2,9 кг.

Соңғы 3 жылдағы орташа шығару деңгейі жылына 708 кг немесе бір адамға 2,83 м³ /жыл. Бұл ретте Бұқар жырау ауданы үшін 1 адамға шаққанда коммуналдық қалдықтардың түзілуінің бекітілген нормасы бір адамға 1,75 м³ және абаттандырылған үйлерде 2,1 м³ құрайды.

1.3 Коммуналдық қалдықтарды қалыптастыру және жинақтау жөніндегі нормативтік базасы

Жергілікті мәслихаттардың қалдықтардың пайда болу көлемі және оларды әкетуге арналған тарифтерді бекіту жөніндегі қолданыстағы шешімдері:

–Бұқар жырау ауданы бойынша коммуналдық қалдықтардың түзілу және жинақталу нормаларын есептеу қағидаларын бекіту туралы-Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 28 маусымдағы № 35/01 қаулысы.

1.4 Соңғы үш жылдағы динамикада бөлінген қаражатты (жергілікті және республикалық бюджеттер, бюджеттен тыс) сипаттау және талдау

Қоршаған ортаны қорғау жөніндегі 2022-2024 жылдарға арналған іс – шаралар жоспарына сәйкес - Қарағанды облыстық мәслихатының 2021 жылдың 9 желтоқсанында №129 2024 жылға арналған шешімі Бұқар жырау ауданының Ботақара кентінде ҚТҚ полигонын салу көзделген. "Қарағанды облысы Бұқар жырау ауданы әкімінің аппараты" ММ орындауға жауапты болып табылады. Қаржыландыру көлемі 550 000 мың теңгені құрайды. Қаржыландыру көзі - облыстық бюджет.

1.5 Бұқар жырау ауданындағы қалдықтарды басқару жүйесінің оң жақтары

1. ҚТҚ 13 полигоны үшін әсер етуге экологиялық рұқсаттың (ЭЭР) болуы

"Қарағанды облысы бойынша экология департаменті" РММ ұсынған мәліметтерге сәйкес, ЭЭР бар ҚТҚ полигондарының саны 13 бірлікті құрайды.

2. Қайталама шикізатты қабылдау пункттерінің болуы

Қарағанды облысының Бұқар жырау ауданында "Жасыл Даму" АҚ мәліметтері бойынша қайталама шикізатты қабылдаудың 2 пункті жұмыс істейді: "Гордорсервис-Т" ЖШС және "МЕГАПОЛИС СТРОЙ KZ" ЖШС.

"Гордорсервис-Т" ЖШС қалдықтарының қабылданатын түрі: қағаз, пластик және шыны.

"МЕГАПОЛИС СТРОЙ KZ" ЖШС қалдықтарының қабылданатын түрі: қағаз, пластик, шыны, тетрапак, металл.

3. Ғ. Мұстафин к. ҚТҚ полигонындағы қалдықтарды қолмен сұрыптау.

1.6 Бұқар жырау ауданында коммуналдық қалдықтарды басқару саласындағы ҚР қолданыстағы заңнамасына сәйкессіздіктер мен анықталған проблемалар

1. Контейнерлер мен контейнерлік алаңдардың белгіленген стандарттарға сәйкес келмеуі

Бұқар жырау ауданының контейнерлік алаңдарында коммуналдық қалдықтардың қауіпті құрамдас бөліктерін (батареялар мен құрамында сынап бар шамдар) жинауға арналған контейнерлер орнатылды. Бұл ретте Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 - Техникалық, экономикалық және экологиялық орындылығын ескере отырып, қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына (түрлерінің жиынтығына) қойылатын талаптарды бекіту туралы бұйрығының талаптары орындалмайды. Атап айтқанда, 2-тарауға, 8-тармаққа, 4 тармақшаға сәйкес контейнерлік алаңдардың біркелкі құрылысын қамтамасыз ету қажет. 8 т. 2 тармақшасына сәйкес – контейнерлік алаңдар бөлек жинауға арналған контейнерлермен жабдықталуы керек, саны кемінде 2.

Сондай-ақ контейнерлерді таңбалау және "кұрғақ" , "дымқыл" фракцияларына бөлу бойынша талаптар қамтамасыз етілмеген.

2. Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинаудың болмауы.

Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 2 желтоқсандағы № 482 - Техникалық, экономикалық және экологиялық

орындылығын ескере отырып, қалдықтарды бөлек жинауға, оның ішінде міндетті түрде бөлек жинауға жататын қалдықтардың түрлеріне немесе топтарына қойылатын талаптарды бекіту туралы бұйрығының талаптары орындалмайды.

Жеке және заңды тұлғалар ірі көлемді және көлемді емес қалдықтарды, оның ішінде құрылыс, ағаш қалдықтарын ҚТҚ қалдықтары жиналатын орындарға әкетеді, бұл "Коммуналдық қалдықтарды басқару қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы экология, геология және табиғи ресурстар министрінің м.а. 2021 жылғы 28 желтоқсандағы № 508 б ұйрығының 18-тармағына және ҚР СТ 3780-2022 "Қалдықтар. Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар" сәйкес болуы тиіс. Сондай-ақ, алаңдардың көпшілігі ҚР СТ 3780-2022 "Қалдықтар. Коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды коммуналдық қалдықтарды бөлек жинауды ұйымдастыру үшін контейнерлерді орналастыру алаңдарына қойылатын жалпы талаптар" сәйкес болуы тиіс.

3. ҚТҚ полигонын жеткіліксіз абаттандыру.

ҚТҚ полигондары "Өндіріс және тұтыну қалдықтарын жинауға, пайдалануға, қолдануға, залалсыздандыруға, тасымалдауға, сақтауға және көмуге қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптар" санитариялық қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің м.а. 2020 жылғы 25 желтоқсандағы № ҚР ДСМ-331/2020 бұйрығының 64, 65, 111-тармақтарына сәйкес келмейді.

4. Қоқыс шығаратын машиналарда GPS трекерлерінің болмауы.

ҚР ЭК 368 - бабы 4-тармағының 2-тармақшасына сәйкес "тұрмыстық қатты қалдықтарды тасымалдау жөніндегі қызметті жүзеге асыратын кәсіпкерлік субъектілері тиісті қызметтер көрсету кезінде осы тармақтың 1) тармақшасында көрсетілген көлік құралдарын "Қазақстан Республикасының қоршаған ортасы мен табиғи ресурстарының жай-күйі туралы Ұлттық деректер банкі" ақпараттық жүйесіне қосылған спутниктік навигациялық жүйелермен жабдықтауға тиіс, және бұл жүйелерді үнемі жұмыс күйінде ұстау".

5. Күл-қож қалдықтары және органикалық ауыл шаруашылығы қалдықтары (көң)

Күл-қож қалдықтары тікелей жеке үйлерде, сондай-ақ қазандықтың локализацияланған жылыту жүйесімен күйдірілген көпқабатты үйлерде түзіледі. Бүгінгі таңда қалдықтардың бұл түрі жеке үй иелерінің аумағында жинақталады және/немесе ҚТҚ алаңдарындағы қоқыс контейнерлеріне жіберіледі, бұл ҚР ЭК-не қайшы келеді.

Органикалық ауыл шаруашылығы қалдықтары (көң) ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдарда түзіледі. Жеке үй иеліктерінің аумағында жинақталады. Кейбір бөлігі кейінірек шығарушыда бау-бақша дақылдары үшін тыңайтқыш ретінде қолданылады. Агроөнеркәсіптік егіншілікпен (бақша, бау) айналыспайтын жеке

тұлғалар жоғарыда аталған қалдықтарды өңдеуге және болашақта энергияны жағу үшін пайдалануға бейім. Алайда, мұндай қалдықтардың кейбір көлемін рұқсат етілмеген жерлерде сақталады немесе көміледі. Бұл мәселе әсіресе ауылдық жерлерге қатысты.

6. Азық-түлік және басқа да органикалық қалдықтарды пайдалану немесе кәдеге жарату туралы шешімнің болмауы

Бұл мәселе ресурстарды тиімсіз пайдалануға және қалдықтардың көбеюіне әкеліп соғады, қоқыстарды өңдеу және ластану мәселелерін күшейтеді. Энергияны жағу ретінде органикалық қалдықтарды пайдалану мен жоюдың тиімді стратегиялары қоршаған ортаға теріс әсерді азайтып қана қоймай, сонымен қатар тұрақты энергия өндіруге және топырақ жағдайын жақсартуға мүмкіндік береді.

2. Мақсаттар, міндеттер және нысаналы көрсеткіштер

2.1 Бағдарламаның мақсаттары мен міндеттері

Бұқар жырау ауданының елді мекендері үшін коммуналдық қалдықтарды басқару бағдарламасының мақсаты экологиялық әсерді барынша азайтуға, қалдықтармен жұмыс істеу қауіпсіздігін қамтамасыз етуге, оларды қайта өңдеу дәрежесін арттыруға және қоғамдық денсаулыққа жәрдемдесуге бағытталған қалдықтарды басқарудың тиімді және орнықты жүйесін құру болып табылады.

Қалдықтарды басқару Қазақстан Республикасы Экологиялық Кодексінің 19-бөлімімен регламенттеледі.

Қалдықтарды басқару саласындағы негізгі қағидалар 328-бапта сипатталған:

- иерархия принципі;
- көзге жақындық принципі;
- қалдықтарды дайындаушының жауапкершілік принципі;
- қалдықтарды өндірушілердің кеңейтілген міндеттемелері.

ҚР ЭК 329-бабына сәйкес иерархия қағидаты қалдықтармен жұмыс істеу жөніндегі мынадай шараларды білдіреді:

1. Қалдықтардың пайда болуын болдырмау;
2. Қалдықтарды қайта пайдалануға дайындау;
3. Қалдықтарды қайта өңдеу;
4. Қалдықтарды кәдеге жарату;
5. Қалдықтарды жою.

Бағдарламаның мақсаты мен қалдықтар иерархиясы принципіне сүйене отырып, Бағдарламаның келесі негізгі (бірінші кезектегі) міндеттері ұсынылады:

1. Қолданыстағы талаптарға сәйкес контейнерлер мен контейнерлік алаңдарды жабдықтау

2. "Құрғақ, дымқыл" фракциялары бойынша "пайда болу көзінен" ҚТҚ бөлек жинауды қамтамасыз ету

3. Ірі габаритті, габаритті емес қалдықтар, оның ішінде құрылыс және ағаш қалдықтары мәселесін шешу

4. Техниканы GPS-трекерлермен жарақтандыру

5. Бұқар жырау ауданындағы ҚТҚ полигондарын заңнама талаптарына сай жайластыру

6. Коммуналдық қалдықтардың және олардың құрамдас бөліктерінің стихиялық үйінділерін табу және жою

7. Қорда құрылымын салу

8. ҚТҚ полигонын инсинератор қондырғысымен жарақтандыру

9. Балалар мен жасөспірімдерге тұрмыстық деңгейде ресурстарды үнемдеудің маңыздылығы туралы іс-шаралар әзірлеу және өткізу

